

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУДЫ
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

**ТЕХНИЧЕСКИЙ НАДЗОР ЗА СТРОИТЕЛЬСТВОМ
ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӨЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 қыркүйектегі №110-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістермен

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года, с внесенными изменениями приказом председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 15 сентября 2016 года №110-НҚ

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
5 ҚҰРЫЛЫСҚА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ.....	5
6 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІН ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ҚАРАЖАТ.....	11
А ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Сілтеме жасалатын сәулет, қала құрылыс және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік нормативтердің тізбесі	12
Б ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Жұмыстың орындалған көлемін қабылдау актісі	14
В ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Орындалған жұмысты қабылдау актісі.....	15
Г ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Орындалған жұмыс пен шығынның құны туралы анықтама	16
Д ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Ғимаратты тұрғызу актісі.....	17
Е ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Ғимараттар мен имараттардың негізгі осьтерін геодезиялық бөлуді тексеру актісі	18
Ж ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Қада белгісін көшіру актісі	19
И ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Техникалық қадағалау өкілі қабылдайтын құрылыспен аяқталған жекеленген жүйелер мен жабдықтарды сынақтан өткізу және қабылдау актілер тізбесі.....	20
К ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Кейінгі конструкциялармен жасырылатын жауапты конструкциялар мен негізгі жұмыс түрлерінің үлгі тізбесі, техникалық қадағалау өкілі авторлық қадағалаудың қатысуымен) қабылдайтын ғимараттың (құрылыстың) беріктігі мен орнықтылығы орындалу сапасына байланысты	21
Л ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Бюджет есебінен толықтай немесе жартылай қаржыланатын күрделі құрылыс объектісін салу кезінде тапсырысшының жобасын басқару және техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыруға арналған шығын лимиті мен сан нормативтері	24

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі №242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңының 20-бабының 6-1-тармағына сәйкес әзірленген «Объектілер құрылысына техникалық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру» Қазақстан Республикасының әдістемелік құжаты тапсырысшының құрылысқа техникалық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін қамтиды және жоғарыда аталған заңның 29-бабына сәйкес құрылыс өндірісін ұйымдастыруды реттейтін мемлекеттік нормативтер кешеніне жатады.

Әдістемелік құжаты құрылыстағы мемлекеттік нормативтік құжаттар жүйесінің қолданыстағы ережелерінің негізінде әзірленген және жалпы құрылыс өндірісінің тиімділігі мен сапасын мақсатты көтеруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы әдістемелік құжаты құрылыс объектісіне техникалық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жалпы ережелерді белгілейді.

Әдістемелік құжаты құрылысқа техникалық қадағалауды жүргізудің мазмұнын ашады, техникалық қадағалау қызметінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етудің жалпы ережелерін, техникалық қадағалауды ұйымдастыру тәртібін, белгіленген тәртіпте аттестациядан өткен, арнайы кәсіби сала қызметінің субъектісі ретінде техникалық қадағалау сарапшыларының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін анықтайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУ

ТЕХНИЧЕСКИЙ НАДЗОР ЗА СТРОИТЕЛЬСТВОМ
ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні **2015-07-01**

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы норматив тапсырысшының құрылыс объектісіне техникалық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейді және құрылыс жобаларын (инвестициялық жобаларды) жүзеге асыру барысында тапсырысшының (құрылыс салушының, мемлекеттік тапсырысшы-бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің), сондай-ақ құрылыс объектісіне техникалық қадағалау жөніндегі сарапшылардың (ұйымдардың) қолдануына арналған.

1.2 Тапсырысшы (құрылыс салушы, мемлекеттік тапсырысшы-бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) өздерінің техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы нормативті, нормативтік-техникалық құжаттарды және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның әдістемелік нұсқауларын басшылыққа алады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы мемлекеттік нормативті қолдану үшін А қосымшасына сәйкес сілтеме нормативтік құжаттар қажет.

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативтерді қолдану барысында сілтеме жасалған құжаттардың күшін ағымдағы жылға арналған жыл сайын жасалатын ақпарат көздерінен «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесінен», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары көрсеткішінен» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткішінен» және сәйкес келетін ай сайын шығып тұратын ағымдағы жылы жарияланған ақпараттық бюллетень-журналдар мен көрсеткіштерден тексерген дұрыс. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді қолдану барысында ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалған құжат өзгертусіз жойылған болса, онда сілтеме жасалған ереженің сілтемеге қатысы жоқ бөлігі қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы мемлекеттік нормативте «Нормативтік сілтемелер» бөліміне енгізілген құжаттардан алынған тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Тапсырысшы («мемлекеттік тапсырысшы» қар.): Өзінің мұқтажы немесе коммерциялық мақсат үшін тұрғын-азаматтық немесе өндірістік мақсаттағы объект (ғимарат, имарат, олардың кешендері, көліктік немесе инженерлік коммуникациялар) салуға мүдделі және ойын заңды түрде жүзеге асыруға қажетті көлемде инвестициялық мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға. Сондай-ақ тапсырысшының (мемлекеттік тапсырысшының) функцияларын заңды негізде инвестордың (инвесторлардың) мүддесін білдіретін өзге сенім жүктелген жеке немесе заңды тұлғалар атқара алады.

3.2 Құрылыс салушы: Өзіне меншік құқығымен немесе жергілікті атқарушы орган берген жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелерінде тұрғын жайлардың үлестік құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметті үлескерлердің ақшасын тарта отырып, әрбір тұрғын жайды салу үшін жобалау компаниясын құру арқылы жүзеге асыратын заңды тұлға.

3.3 Инвестор: Қазақстан Республикасында инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

3.4 Мемлекеттік тапсырысшы («тапсырысшы»-ны қараңыз): Жобалауға және құрылысқа қажетті инвестициялық ресурстары бар мемлекеттік орган немесе тиісті мемлекеттік орган осындай ресурстарға иелік етуге құқық берген өзге заңды тұлға.

3.5 Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, жүзеге асыруға және нәтижеге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган.

3.6 Инвестициялық жоба: Концессионердің (құқықтық мұрагердің) концессия келісімшарты шеңберінде жасалған немесе алынған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндіріс салу, жұмыс істейтін өндірісті кеңейту және жаңарту үшін инвестиция қарастыратын іс-шаралар кешені.

Инвестициялық жоба (нақты инвестициялық ойды жүзеге асыру жөніндегі бастапқы тақырып ретінде) – күрделі қаржы салудың экономикалық мақсатқа сәйкестік негіздемесін, көлемі мен жүзеге асыру мерзімін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік нормативтерге сәйкес әзірленген және бекітілген қажетті жобалау-смета құжаттамасын қамтитын құжат.

3.7 Объектінің техникалық күрделілігі: Объектінің функционалдық қызметіне, оның тірек және қоршау конструкцияларының ерекшеліктеріне, қабаттар (конструкциялық қатарлар) санына, сейсмикалық қауіптілігіне немесе салынатын жерінің (ауданының) өзге де айрықша геологиялық, гидрогеологиялық, геотехникалық жағдайларына қарай мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық (халықаралық) нормативтермен белгіленетін, табандары мен конструкцияларының сенімділігі мен беріктігіне қойылатын техникалық талаптардың дәрежесі бойынша құрылыс объектісінің жауапкершілік деңгейі, олар:

жауапкершіліктің бірінші деңгейі - күшейтілген;

жауапкершіліктің екінші деңгейі - қалыпты;

жауапкершіліктің үшінші деңгейі - төмендетілген болып бөлінеді.

3.8 Техникалық қадағалау: Орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдап алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық сатысында құрылысты қадағалау.

3.9 Авторлық қадағалау: Бұл автордың:

- сәулет және қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асыратын құрылыс жобасының (құрылыс құжаттамасының) әзірленуіне;

- сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторын (авторларын) қоса алғанда, әзірлеушілер жүзеге асыратын құрылыс жобасының іске асырылуына бақылау жүргізуді жүзеге асыру жөніндегі құқықтылығы.

Авторлық құқық Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асады.

3.10 Сарапшының аттестаты: Сарапшының мәртебесін және оның қала құрылысы мен құрылыс қызметінде сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтер көрсетуді орындау құқығын куәландыратын белгіленген үлгідегі біліктілік аттестаты (куәлік).

3.11 Сарапшы: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтердің белгілі бір түрлерін жүзеге асыратын жеке тұлға.

3.12 Жасырын жұмыстар: Кейінгі жұмыстар мен конструкциялар жасырып тұратын және құрылыс объектісін пайдалануға тапсыру кезінде мемлекеттік қабылдау комиссиясының көзбен шолып анықтауы мүмкін болмайтын жекеленген жұмыс түрлері (іргетасты, гидроокшаулағышты салу, темірбетон конструкцияларына арматура мен бекіткіш бұйымдарды орнату және т.т.). Келесі жұмыстар орындалып қойғаннан кейін бұл жұмыстардың сапасы мен дәлдігін анықтау мүмкіндігі болмағандықтан, келесі жұмыстар барысында оларды жапқанға дейін қарауға және қабылдауға ұсынылады.

3.13 Құрылыста техникалық қадағалау сарапшыларының мамандықтары:

- тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде;
- инженерлік желілер бөлігінде;
- технологиялық жабдықтар бөлігінде жүзеге асады.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Мемлекеттік қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдауына жататын объектілерді салу кезінде міндетті түрде техникалық қадағалау жүзеге асырылуға тиіс.

4.2 Техникалық қадағалауды тапсырысшы объектілер құрылысына жобалық-сметалық құжаттамада көзделген қаражат есебінен дербес және (немесе) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшыларды тарта отырып, қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүзеге асырады.

4.3 Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (тапсырысшылар) бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іске асыруға техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін нарықта әрекет ететін, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы инжинирингтік қызметтер көрсету жөніндегі тиісті аттестаты бар сарапшыларды тартуға құқылы.

4.4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27-маусымдағы №635 қаулысымен бекітілген «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережесіне» сәйкес тапсырысшы инжинирингтік қызметтерді орындау үшін өзінің құрамында аттестатталған сарапшылары бар ұйымды тарта алады.

4.5 Ұйым инжинирингтік қызметтер көрсеткен жағдайда ұйым шартқа қол қойылғаннан кейін техникалық және авторлық қадағалау және жобаны басқару үшін өзі құрған ұйымдық құрылымды, сондай-ақ ұйымның атынан жобаны басқаратын кандидатураны тапсырыс берушіге келісуге ұсынады.

4.6 Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын объектілер бойынша инжинирингтік қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес тапсырыс беруші конкурстық негізде сатып алады.

4.7 Құрылыс объектісіне техникалық қадағалаудың жүзеге асырылуын ұйымдастыру тапсырысшының тікелей міндеті болып табылады.

4.8 Тапсырысшы құрылыстың масштабы мен түріне, объектінің техникалық күрделілігіне (жауапкершілік деңгейіне), тапсырысшы-құрылыс салушы қызметінің масштабына және басқа факторларға байланысты техникалық қадағалау қызметін ұйымдастыру нысанын (бөлім, департамент ж.т.б. түрінде тапсырысшының функционалдық құрылымы, не болмаса ұйымдастырушылық құрылымы мен штаттық кестеге сәйкес жекеленген лауазымды тұлға, не болмаса басқа ұйым, не болмаса инжинирингтік қызметтерді көрсетуге келісімшарт негізінде тартылатын штаттан тыс маман-сарапшы) өздігінен анықтайды.

4.9 Техникалық қадағалау қызметін ұйымдастырудың кез-келген нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25-қаңтардағы №165 қаулысымен бекітілген «Сәулет, құрылысы және құрылыс саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестациялау ережесіне» сәйкес сарапшылардың мамандықтарына қойылатын талаптар сақталуы керек:

Объект жауапкершілігінің деңгейі	Техникалық қадағалау сарапшыларының мамандықтары		
	тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде	инженерлік желілер бөлігінде	технологиялық жабдықтар бөлігінде
1	құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімінің және сарапшы ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы		
2,3	құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімінің және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуден кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы		

4.10 Объекті құрылысына техникалық қадағалау жүргізу жөніндегі сарапшы аттестаты бар мамандар бес жылда бір рет аттестациядан өтеді және олар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшылар тізілімінде болуы тиіс.

4.11 Тапсырысшы (құрылыс салушы) ғимарат пен имараттың жаңа басталатын құрылысының, жаңа құрылымдаудың, күрделі жөндеудің басынан аяғына дейін

техникалық қадағалауды жүргізеді. Оның қалауы бойынша жіберілген кемшіліктер мен ақауларды жоюдың кепілді мерзімінде де техникалық қадағалау іске қосылуы мүмкін.

5 ҚҰРЫЛЫСҚА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

5.1 Тапсырысшы қадағалау жөніндегі арнайы уәкілетті тұлғалар белгілеген тәртіп бойынша:

- жүйелі бақылауды және құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталған кезеңдерін қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы ғимараттар мен имараттар құрылысына;

- жоғарыда аталған ғимараттар мен имараттардың жобалық шешімдерге, құрылыс нормаларына, құрылыс ережелері мен белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігіне; қолданылатын материалдар, бұйымдар мен конструкциялар сапасына;

- құрылыстың жүргізілуіне және келісімшартпен (контрактпен) белгіленіп бекітілген тәртіппен және мерзімде объектіні пайдалануға енгізуіне техникалық қадағалауды жүзеге асырады.

5.2 Техникалық қадағалау жобалау-смета құжаттамасына және құрылыс-монтаж жұмыстарының (ҚМЖ) орындалған сапасына және төлемге ұсынылған жұмыстарға, орындалған ҚМЖ көлеміне есеп жүргізу және оның құнына (Б-Г қосымшаларына сәйкес орындалған жұмыс көлемін қабылдау актісіне, орындалған жұмыс актісіне, орындалған жұмыс құны мен шығын туралы анықтамаға) объект құрылысының мерзімдеріне, сондай-ақ мердігер ұйымның сапасыз орындаған жұмысы мен жіберілген ақауларды жою шығынының көлеміне сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылады.

5.3 Құрылыс барысында өрескел бұзушылық пен сапасыз орындалған жұмыстар анықталған жағдайда техникалық қадағалау өкілі Жіберілген бұзушылықтарды жою ұйғарымын береді, жұмыс өндірісін тоқтатады, орындамаған жағдайда тиісті ақпаратты мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органына (МСҚО) жібереді.

5.4 Техникалық қадағалауды өз күшімен жүзеге асырғанда тапсырысшы техникалық қадағалаудың жауапты өкілін тағайындайды және қажет болған жағдайда өзінің ұйымдастырушылық құрылымында техникалық қадағалау қызметін құрып, оны құрылыстың толық кезеңіне қызметтік үй-жайлармен, жабдықтармен, инвентарьмен, бақылау-өлшеуіш аспаптармен және құралдармен, қажетті нормативтік-техникалық құжаттармен, байланыс және өңдеу құралдарымен, арнайы киіммен, сонымен қатар қажет болғанда көлікпен және техникалық қадағалау өкілінің уақытша тұруына жағдай жасайды.

5.5 Техникалық қадағалау қызметінің штаттық қызметкерлерінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты болуы керек.

5.6 Тапсырысшының штаттық қызметкері болып табылмайтын сарапшылар немесе ұйым техникалық қадағалауды жүзеге асырғанда материалдық-техникалық мәселелер мен жұмыс жағдайлары инжинирингтік қызметтер көрсету шартында (контрактта) көрсетіледі.

5.7 Тапсырысшы мердігерге (немесе мердігер өкіліне) техникалық қадағалау персоналын тағайындау туралы жазбаша хабарландыру жібереді.

Техникалық қадағалау өкілінің құзыреті жөніндегі талаптары мердігер үшін міндетті болып табылады. Техникалық қадағалау өкілі өзінің міндеттерін орындағанда мердігердің шаруашылық қызметіне араласуға құқығы жоқ.

5.8 Инжинирингтік қызмет көрсету жөніндегі сарапшыларды (ұйымдарды) тарту арқылы техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде тапсырысшы техникалық қадағалау сызбаларында «Жұмыс өндірісіне» деген белгісі бар жобалау-сметалық құжаттамасының толық жиынтығының бір данасын техникалық қадағалауға береді.

5.9 Техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жалпы техникалық қадағалау жеткшісі тапсырысшыға, ал техникалық қадағалау өкілі жұмыстың арнайы түрлері бойынша жалпы техникалық қадағалау жетекшісіне есеп беруге міндетті.

5.10 Техникалық қадағалау жобалау ұйымының авторлық қадағалау жөніндегі мамандарымен, мердігердің құрылыс сапасын өндірістік бақылау қызметінің жұмыскерлерімен, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының мамандарымен байланыста жүзеге асырылады.

5.11 Техникалық қадағалау өкілінің біліктілік деңгейі.

Техникалық қадағалау өкілі:

5.11.1 Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қолданыстағы заңнамасын, техникалық регламенттері мен мемлекеттік нормативтерді, жобалау, нормативтік-техникалық құжаттаманы, құрылысты ұйымдастыру және объектіде жұмыс өндіру жөніндегі құжаттаманы, сапаны бақылау әдістерін, құрылыс-монтаж жұмыстарын қабылдау және куәландыру ережелерін, сонымен қатар еңбек қорғау және құрылыста техника қауіпсіздігі ережелерін білуге.

5.11.2 Құрылыстың дайындық кезеңінде құрылыс аймағына түсетін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерін көшіру және қайта құрылымдау жөніндегі жұмыстың сапасын бақылауға.

Жер кодексіне және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес топырақтың құнарлы қабатын алу және сақтау жөніндегі жұмыстың сапасын бақылауға.

«Телекоммуникация желілерінің қорғау аймақтарын және олардағы жұмыс режимін белгілеу ережелеріне», «Қорғау аймақтары көлемін, пайдалану режимін және бөлу белдеулеріндегі теміржол көлігінің қажеттілігі үшін жерлерді пайдалану ережелеріне» сәйкес байланыс және электрбергіш желілерінің қорғау аймақтарында, теміржол мен автомобиль жолдарының бөлу белдеулерінде жұмыс өндірісіне жазбаша рұқсаттың болуын бақылауға.

Қажет болған жағдайда Орман кодексіне және «Ағаш кесуге рұқсат билеті мен орман билетінесепке алу, сақтау, толтыру және беру ережелеріне» сәйкес белгіленген тәртіппен ағаш кесуге рұқсат билетін алу және оны мердігерге беруге.5.11.3 Құрылыстың күнтізбелік жоспарын сақтауды және объектіні нормативтік мерзімде және мердігер шартымен белгіленген мерзімде пайдалануға енгізуді бақылауға.

5.11.4 Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамаға және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілігін және қамтамасыз етілуін білуге.

5.11.5 Салынып жатқан объектілерде нормативтік-техникалық және атқару құжаттамасының, тексерілген өлшеу құралдарының болуын бақылауға.

Мердігердің (немесе мердігер өкілінің) геодезиялық бөлшектеу негізін қабылдауы және оған беруі кезінде қатысуға, сонымен қатар құрылыс аяқталғанға дейін мердігердің оны сақтауын қамтамасыз етуді бақылауға.

Құрылыс (жоспарлы-биіктік бөлшектеу, атқару геодезиялық схемалар) барысында геодезиялық жұмыстардың уақытында, толық және дұрыс орындалуын тексеруге.

5.11.6 Жобалау-смета құжаттамасында сәйкессіздік табылғанда немесе жобалық шешімді өзгерту, материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, жабдықтарды ауыстыру қажет болғанда, осы мәселелерді тапсырысшы шешу үшін ұсыныс жасауға.

Жабдықтарды монтаждау үшін орындар мен үй-жайлардың уақытында берілуін бақылау және оларды беруге қатысу. Мердігердің монтаждалған жабдықтары мен инженерлік желілерін жеке сынақтан өткізуі мен олардың нәтижесін тиісті ресімдеуін бақылау. Сынақтан кейін жабдықтарды қабылдауға қатысуға.

5.11.7 Құрылыс-монтаж жұмыстарының, қолданылатын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың сапасын, олардың жобалау құжаттамасына инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне жалғаудың техникалық шарттарына, техникалық регламенттер талаптарына, инженерлік зерттеулер нәтижелеріне сәйкестігін, сапасын растайтын құжаттардың (төлқұжаттың, сертификаттың, зерттеулер нәтижелерінің) болуын және дұрыс ресімделуін, сонымен қатар кірер бақылаудың құжатталған нәтижелерін үнемі тексеруге. Ақаулар мен кемшіліктерді уақытында анықтау және олар туралы тапсырысшы мен мердігерді хабарландыруға.

Технологиялық операциялардың құрамы мен орындалу сапасына, оның ішінде операциялық бақылаудың нормативтік құжаттар талаптарына инспекциялық сәйкестік бақылауын жүргізуге.

Қабылдау бақылауын жүзеге асыру, уақытында мердігер орындаған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін тексеру және оларды қабылдауды жүзеге асыру, жасырын жұмыстарды куәландыруды және бекітілген формада актілерді ресімдеп жауапты конструкцияларды аралық қабылдауды жүргізуге.

Анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі ескертулер мен нұсқауларды белгіленген тәртіппен жалпы жұмыс журналына енгізу және олардың орындалуын бақылауға.

5.11.8 Авторлық қадағалау, сәулет-құрылыс инспекциясының мемлекеттік органы жүзеге асыратын тексерулерге қатысу, тиісті журналда белгіленген тексеріс кезінде алынған нұсқауларды мердігердің орындауын бақылау, осы тексерулерді жүзеге асыру үшін мердігермен бірге қажетті жағдайды жасауға.

5.11.9 Құрылыстық бақылауды жүргізу барысында анықталған кемшіліктерді басқа құрылыс конструкциялары мен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерінің учаскелерін бұзбай немесе бүлдірмей жою мүмкін болмаған жағдайда объектінің қауіпсіздігіне әсер ететін жұмыстардың орындалуына бақылау жүргізуді, басқа жұмыстар орындалғаннан кейін орындалуы мүмкін болмайтындардың орындалуына бақылауды, сонымен қатар құрылыс конструкцияларының және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілері учаскелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге.

5.11.10 Өз қызметімен тапсырысшының қаражатын мақсатты және тиімді пайдалануға септігін тигізу. Объектілер бойынша ақшалай қаражаттың бекітілген смета шеңберінде жұмсалуды қадағалау. Жинақтаушы ведомосінде орындалған және төленген жұмыстардың толық және дәл есебін жүргізу.

5.11.11 Мердігерден (немесе мердігер өкілінен) құрылыс алаңында материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және жабдықтардың дұрыс сақталу жағдайын, сондай-ақ тапсырысшыға тапсырғанға дейін орындалған жұмыстардың, тұрғызылған ғимараттар мен имараттардың сақталуын қамтамасыз етуді талап етуге.

5.11.12 Мердігердің (немесе мердігер өкілінің) құрылысты жобалау-смета құжаттамасымен және оның сапасын қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ жұмыстың сапасын бақылау және қабылдау жөніндегі мәселелер бойынша шағымын қарау. Осы шағымдар бойынша шешімдер қабылдау немесе тапсырысшы шешім қабылдау үшін өз ұсыныстарыңтарын енгізуге.

5.11.13 Құрылыс барысында мердігермен (немесе мердігердің өкілімен) бірге жауапты ғимараттар мен имараттардың шөгуіне жобамен қарастырылған бақылауды қою және бақылау нәтижелерін тиісті құжаттамамен рәсімдеуге.

5.11.14 Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалған жұмыстар кезінде, сондай-ақ объектіні пайдалануға қабылдауды дайындау кезінде әр жұмыс, конструкция, жабдық түрінің және жалпы объектінің шын мәніндегі дайындығын тексеру. Атқару құжаттамаларында тиісті рәсімделудің болуын тексеру, тапсырылатын объектіде шындығында бар екендігімен қабылдау актісінің тізіліміне енгізіліп монтаждалған және белгіленген жабдықтардың болуын салыстырып қарауға.

Объектінің пайдалануға тапсыру дайындығын растау және мемлекеттік қабылдау комиссиясының жұмысына қатысуға.

5.11.15 Консервацияға жататын объектілерді қуәландыруға, құрылысты консервациялау немесе уақытша тоқтата тұру құжаттамаларын рәсімдеуге, сондай-ақ құрылысты консервациядан шығарғаннан немесе уақытша тоқтатқаннан кейін жұмысты жалғастыру үшін құрылыс ұйымдарына беру кезінде объектінің техникалық жағдайын бағалауға қатысуға міндетті.

5.11.16 Техникалық қадағалау өкілі тапсырысшының тапсырмасы бойынша техникалық қадағалау құзыретіне қатысы бар немесе шартта (контрактіде) айтылған басқа да міндеттерді орындай алады.

5.12 Техникалық қадағалау өкілінің функциялары.

Техникалық қадағалау өкілі міндетті:

5.12.1 Жобалау-смета және нормативтік-техникалық құжаттамалардың бұзылуымен орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру туралы тапсырысшыға ұсыныстар жасау.

5.12.2 Конструкциялардың деформациялану және опырылып құлау қаупі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп болғанда, сондай-ақ техникалық қадағалаудың ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаулары орындалмаған жағдайда жұмыс өндірісін (тапсырысшы мен мердігерге кейінгі міндетті жазбаша хабарлау арқылы) тоқтату.

5.12.3 Мердігерге (немесе мердігер өкіліне), қажет болған жағдайда тапсырысшыға жобалау-смета және нормативтік-техникалық құжаттамалар талаптарын бұзатын және техникалық қадағалау нұсқауларын орындамайтын тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныс жасау.

5.12.4 Тапсырысшыға құрылыс сапасын көтеруді, құнын төмендету мен мерзімін қысқартуды қамтамасыз ететін жұмыс өндірісінің озық әдістерін, жаңа материалдар мен технологияларды енгізу туралы ұсыныс енгізу.

Жұмысты орындау басталғанға дейін тапсырысшыдан ғимараттарды, имараттарды тұрғызғанда қолдану үшін, қарастырылатын материалдар мен жұмыс түрлерінің презентациясын, жұмыс түрлері бойынша эталон-үлгінің орындалуын, сонымен қатар тапсырысшының қалауы бойынша эталон-пәтерлердің әрлеу жұмыстары басталғанға дейін болашақ тұрғындарды сол пәтерлермен таныстыру дайындығын талап ету.

5.13. Жұмысты куәландыру және қабылдау.

5.13.1 Техникалық қадағалау өкілі жасырын жұмыстарын куәландыруды, жауапты конструкцияларды аралық қабылдауды және төлем үшін жұмыстарды қабылдауды жүргізеді. Жұмысты куәландыру және қабылдау мердігер өкілінің, қажет болған жағдайда құрылыс ұйымының қосалқы мердігер өкілдерінің (олардың орындалған жұмыстарды куәландырғанда және қабылдағанда) және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобалау ұйымының қатысуымен жүзеге асырылады.

5.13.2 Мердігер (немесе мердігер өкілі) техникалық қадағалау өкілін алдағы жұмысты куәландыру және қабылдау туралы жұмысты куәландыру және қабылдау басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей хабарлайды.

Егер техникалық қадағалау өкілі мердігердің сауалында көрсетілген мерзімде жасырын жұмыстарды куәландыруға келмесе, ал куәландыруды кешіктіру кейінгі жұмыстардың тоқтатылуына әкеп соғатын болса, онда мердігер (немесе мердігер өкілі) бір жақты тәртіппен жасырын жұмыстарды куәландыру актісін жасай алады. Мұндай жағдайда техникалық қадағалау өкілі жұмыстардың дұрыс орындалғанын растау үшін конструкцияларды ашуды талап етсе, ашылу тапсырысшының есебінен, ал сапаға қойылған талаптар бұзылған жағдайда - мердігердің есебінен жүргізіледі.

5.13.3 Жасырын жұмыстарды куәландырудың нәтижелері бойынша нормативтік құжаттармен белгіленген формада акті жасалады.

5.13.4 Жасырын жұмыстарды куәландыру кейінгі жұмыстар орындалғанға дейін жүргізіледі. Егер кейінгі жұмыстарды үзілістен кейін немесе ауа-райы күрт өзгергеннен кейін (жаңбыр, суық және т.т.) орындауға тура келсе, онда жасырын жұмыстарды куәландыру қайтадан жүргізіледі. Куәландырылған жұмыстар мен конструкциялар бүлінген жағдайда да ақаулар жойылғаннан кейін қайта куәландыру жүргізіледі.

5.13.5 Техникалық қадағалау өкілі құрылыс мердігерлігі шартымен белгіленген тәртіппен төлем жүргізу үшін орындалған жұмыстарды қабылдауды жүргізеді. Есептік кезеңге ай не болмаса объекті құрылысына немесе құрылыс жұмыстарын орындауға қажетті уақыт кезеңі алынуы мүмкін. Қабылдау нәтижесі бойынша техникалық қадағалау өкілі қол қойған орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарын қабылдау актісі рәсімделеді.

5.13.6 Әдетте, техникалық қадағалау өкілі жасырын куәландыру, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау, сондай-ақ орындалған жұмыстарға төлем жүргізуді абылдау кезінде мердігерден (немесе мердігер өкілінен) мына құжаттамаларды талап етуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі № 958 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережелеріне сәйкес жер учаскесінің шекарасын бекіту туралы құжатты;

- Е қосымшасына сәйкес ғимараттар мен имараттардың геодезиялық құрғыш негізгі осьтерін қабылдау актісі;

- Д қосымшасына сәйкес ғимарат, имарат тұрғызу актісін;

- Ж қосымшасына сәйкес репер белгісін ауыстыру актісін;

- желілік инженерлік-техникалық қызметкерлерде сейсмиялық аудандарда құрылыс-монтаж жұмыстарын өндіру құқығы куәлігін;

- ҚР ҚН 1.03-00 белгіленген формасы бойынша жұмыс өндірудің жалпы журналын;

- бағананы қағу, бағананы зерделеу журналын (ҚР ҚН 5.01-12, ҚР ҚБҚ 5.01-19 сәйкес);

- мемлекеттік нормативтермен белгіленген форма бойынша құрылыс конструкцияларын монтаждау жөніндегі жұмыстар журналын;

- белгіленген форма бойынша пісіру жұмыстарының журналын;

- мемлекеттік нормативтермен белгіленген форма бойынша пісірме қосылыстарды тоттанудан қорғау журналын;

- мемлекеттік нормативтермен белгіленген форма бойынша монтаж жапсарлары мен тораптарын құйып бекітк журналын;

- нормативтермен белгіленген форма бойынша бақыланбалы керілісі бар монтаж қосылыстарын орындау журналын;

- мемлекеттік нормативтермен белгіленген форма бойынша авторлық қадағалау журналын;

- И қосымшасына сәйкес материалдар, бұйымдар, конструкциялар, инженерлік жүйелер мен жабдықтар сынағының актілерін (хаттамаларын);

- сапа туралы құжаттарын (материал, бұйымдар, конструкциялар мен жабдықтар төлқұжаты мен сертификаттарын);

- атқару геодезиялық схемаларды.

5.13.7 Дайындығына қарай жекеленген жауапты конструкциялар мемлекеттік нормативтермен белгіленген форма бойынша актінің рәсімделуімен техникалық қадағалау өкілдерінің аралық қабылдауына жатады. Техникалық қадағалау өкілі (авторлық қадағалаудың қатысуымен) қабылдайтын ғимараттар (имараттар) беріктігі мен орнықтылығы кейінгі конструкциялармен жасырылатын, орындау сапасына байланысты болып табылатын жауапты конструкциялар мен негізгі жұмыс түрлерінің жоба тізілімі К қосымшасында берілген.

5.13.8 Жұмыстарды куәландыру және қабылдау, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау кезінде техникалық қадағалау өкілі қолданылатын материалдар, бұйымдар,

конструкциялар мен жабдықтар жобалау және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкестігін, орындалған жұмыстың құрамы мен көлемі жобалау-смета құжаттамасына сәйкестігін, жұмыс пен авторлық қадағалау журналдарында көрсетілген ақаулар мен бұзушылықтардың жойылуын тексереді.

5.13.9 Жобалау-смета құжаттамасына толықтай сәйкес орындалған жұмыстар қабылдауға жатады. Тапсырысшы жобалау-смета құжаттамасынан барлық ауытқушылықтарды жобалау ұйымымен келісуі тиіс.

Мұндай келісім болмаған жағдайда жұмыстар ауытқушылықтар жойылғаннан кейін ғана қабылданады.

5.14 Тапсырысшы мен сарапшының техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілігі.

5.14.1 Тапсырысшының құрылысты техникалық және авторлық қадағалаусыз жүзеге асырғаны үшін жауапкершілігі Қазақстан Республикасының «Әкімшілік бұзушылықтар туралы» кодексінің 237-2-бабына сәйкес қарастырылады.

5.14.2 Сараптау жұмыстары мен инжиниринг қызметін жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының «Әкімшілік бұзушылықтар туралы» кодексінің 235-1-бабына сәйкес қарастырылады.

6 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ҰСТАУ ҚАРАЖАТЫ

6.1 Тапсырысшының немесе сарапшылардың (ұйымның) келісімшарт негізінде тартылатын техникалық қадағалау қызметі объект құрылысының жобалау-смета құжаттамасында қарастырылған инвестициялық бағдарламалар құрамында осы мақсатқа бөлінетін қаражаттан қаржыландырылады, сондай-ақ тапсырысшының құрылтай құжаттарында қарастырылған басқа көздер де пайдаланылуы мүмкін.

6.2 А қосымшасына сай тәртіпте және көлемде жобалардың (жұмыс жобаларының) жиынтық смета есептерінде құрылыстың сметалық құнын анықтау барысында бюджет қаражаты есебінен толықтай немесе жартылай қаржыландырылатын күрделі құрылыс объектісінің құрылысы кезінде жобаны басқару функциялары мен техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін шығындар лимиті мен сан нормативтері қолданылады.

А ҚОСЫМШАСЫ (міндетті)

Нормативтік сілтеме жасалатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік нормативтер тізбесі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі №242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8-қаңтардағы № 373-ІІ «Инвестициялар туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7-шілдедегі №180-ІІІ «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20-маусымдағы № 442-ІІ Жер кодексі;

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1-шілдедегі №409-І Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі);

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8-шілдедегі № 477-ІІ Орман кодексі;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25-қаңтардағы № 165 қаулысымен бекітілген «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидалары»;

